«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТІРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

28.04.2025 № 34-ӨҚ
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Актау

«Маңғыстау Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне тарифтерді және тарифтік сметасын 2025-2029 жылдарға бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10) тармақшасына, 15-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 26-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының м.а. 2019 жылғы 23 тамыздағы №1-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің аумақтық бөлімшелерінің ережесінің 14-тармағының 11) тармақшасын және 19-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **2025 жылғы 01 маусым 2030 жылғы 31 мамыр аралығына** қоса беріліп отырған «Маңғыстау Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне 2025-2029 жылдарға арналған тарифтерді және тарифтік сметасын осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. 2025 жылғы 01 маусымнан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2024 жылғы 24 маусымдағы №54-НҚ «Маңғыстау жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне тарифті және тарифтік сметаны оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы» бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Маңғыстау Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның назарына жеткізсін.

4. Тарифтік сметаның орындалу жауапкершілігі «Маңғыстау Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның бірінші басшысына жүктелсін.

000927

5. «Маңғыстау Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарифтер қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізуге міндетті.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а. **Т. Айтанов**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрлігінің "Табиғи монополияларды реттеу
комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" РММ
2025 жылғы 28 сәуірдегі №34-НҚ бұйрығына №1 қосымша

"Маңғыстау Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілері арқылы беру қызметінің 01.06.2025ж - 31.05.2030 жылдар аралығындағы тарифі.

р/с	Тұтынушылар	Өлшем бірлігі	"Маңғыстау жылу" МКК суды таратушы желілері арқылы беру тарифі						
			01.06.2025ж 31.12.2025ж ҚҚС-сыз	01.06.2025ж 31.12.2025ж 12 % ҚҚС-мен	01.01.2026ж 31.05.2026ж 16% ҚҚС-мен	01.06.2026ж 31.05.2027ж 16% ҚҚС-мен	01.06.2027ж 31.05.2028ж 16% ҚҚС-мен	01.06.2028ж 31.05.2029ж 16% ҚҚС-мен	01.06.2029ж 31.05.2030ж 16% ҚҚС-мен
1	Тұрғындар үшін.	м3/теңге	725,40	812,45	841,46	854,78	874,09	887,71	1011,57
2	Басқа тұтынушылар және бюджеттік ұйымдар үшін.	м3/теңге	761,25	852,60	883,05	897,02	917,29	931,94	1061,56

Директор **Н. Клышмаганбетов**